

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
ШЕШІМІ**

Ақтөбе қаласы

№390

2019 жылғы 1 наурыз

Облыстық мәслихаттың 2018 жылғы 10 шілдедегі №311 «Ақтөбе қаласында теннис корттарын салу және пайдалану» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылдау туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 163-бабының 2-тармағына, 164-бабына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы №725 бұйрығымен бекітілген, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №12717 тіркелген Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау және іске асыру Қағидаларына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 26 сәуірдегі №175 «Жергілікті атқарушы органдардың 2017-2019 жылдарға арналған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттерін бекіту туралы», нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №15170 тіркелген бұйрығына сәйкес және Ақтөбе облысы әкімдігінің бюджеттік комиссиясы отырысының 2019 жылғы 15 ақпандағы №1 хаттамасы негізінде, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімге қосымшаға сәйкес, облыстық мәслихаттың 2018 жылғы 10 шілдедегі №311 «Ақтөбе қаласында теннис корттарын салу және пайдалану» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылдау туралы» шешіміне өзгеріс енгізілсін:

осы шешімге қосымшаға сәйкес, жоғарыда көрсетілген шешімге қосымша жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

Т.ЕСЕНҒҰЛОВ

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

С.ҚАЛДЫҒҰЛОВА

«Ақтөбе қаласында теннис корттарын салу және пайдалану»

мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша 2019-2025 жылдарға

мемлекеттік міндеттемелер

Функционалдық топ					Сомасы (мың теңге)	соның ішінде жылдарға:						
Функционалдың кіші топ						2019	2020	2021	2022	2023	2024	2025
		Бюджеттік бағдарлама әкімшісі										
		Бағдарлама										
		Атауы										
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
13				Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	1 990 828,9	440 923,7	485 058,2	350 932,0	307 170,4	140 326,7	135 731,6	130 686,3
		285		Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	1 990 828,9	440 923,7	485 058,2	350 932,0	307 170,4	140 326,7	135 731,6	130 686,3
			096	Мемлекеттік- жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелер орындау	1 990 828,9	440 923,7	485 058,2	350 932,0	307 170,4	140 326,7	135 731,6	130 686,3
				соның ішінде:								
				«Ақтөбе қаласында теннис корттарын салу және пайдалану»	1 990 828,9	440 923,7	485 058,2	350 932,0	307 170,4	140 326,7	135 731,6	130 686,3